

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

## INTERNATIONAL RELATIONS

## МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

### ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ СУБАЙМАҚТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Думан  
ЖЕКЕНОВ

*PhD, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, [duman.zhekenov@gmail.com](mailto:duman.zhekenov@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5292-5070>*

Жан  
КӨШЕРБАЕВ\*

*т.ғ.к., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, [kosherbaev.zhan@gmail.com](mailto:kosherbaev.zhan@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1187-9837>*

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 27/02/2023

DOI: 10.52123/1994-2370-2023-1029

ӨЖ 327

ҒТАХТК 11.25.91

**Аңдатпа.** Мақалада Орталық Азия мемлекеттері мен өңірде мүдделері бар негізгі акторлар арасындағы халықаралық қатынастарының қазіргі жай-күйіне шолу жасалған. «Орталық Азия+» формуласы бойынша саяси-дипломатиялық, экономикалық және әскери-саяси салалардағы мүдделерін талдау тұрғысынан Орталық Азия республикалары мен халықаралық аренадағы жетекші ойыншылар арасындағы қарым-қатынастарды сипаттауға ерекше назар аударылады. Бұл мәселені зерттеуде жүйелік тәсіл және ғылыми талдаудың салыстырмалы геосаяси әдісі қолданылды. Осы әдістердің көмегімен өңірден тыс державалардың Орталық Азияға деген қызығушылығын жандандырудың өңірлік белгілері анықталды, олардың өңірге қатысты белсенді сыртқы саясатының қозғаушы мотивтері анықталды.

Нәтижесінде Орталық Азия елдері мен Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ, АҚШ, Түркия, сондай-ақ Ауғанстан мемлекетаралық қатынастарының ерекшелігі сипатталып, «Алты Алаш» идеясын жүзеге асыру мүмкіндіктері мен перспективалары негізделді.

**Түйін сөздер:** Орталық Азия, «Орталық Азия+», интеграция, геосаясат, аймақтандыру.

**Abstract.** The article offers a general overview of the current state of international relations between the Central Asian states and the main actors with interests in the region in the context of the main problems of intra-regional integration development. Special attention is paid to the characteristics of mutual relations between the Central Asian republics and the leading players in the international arena from the point of view of the analysis of their interests in the political, diplomatic, economic, and military-political spheres according to the formula «Central Asia+». A systematic approach and a comparative geopolitical method of scientific analysis were used when studying this issue. With the help of these methods, regional signs of the revival of interest in extra-regional powers in Central Asia were identified, and the driving motives of their proactive foreign policy towards the region were determined.

As a result, the specifics of interstate relations between the countries of Central Asia and Russia, China, the European Union, the United States, Turkey, and Afghanistan are highlighted and characterized through the prism of the possibility and prospects of implementing the idea of «Alty Alash».

**Keywords:** Central Asia, «Central Asia+», integration, geopolitics, regionalization.

**Аннотация.** В статье предлагается общий обзор современного состояния международных отношений государств Центральной Азии и основных акторов имеющих интересы в регионе в контексте основных проблем развития внутрирегиональной интеграции. Особое внимание уделяется характеристике взаимоотношений

\*Хат-хабарларға арналған автор: Ж. Көшербаев, [kosherbaev.zhan@gmail.com](mailto:kosherbaev.zhan@gmail.com)

между центральноазиатскими республиками и ведущими игроками на международной арене с точки зрения анализа их интересов в политико-дипломатических, экономических и военно-политических сферах по формуле «Центральная Азия+». При изучении данной проблематики использовались системный подход и сравнительно-геополитический метод научного анализа. С помощью этих методов были выявлены региональные признаки оживления интереса внерегиональных держав к Центральной Азии, определены движущие мотивы их проактивной внешней политики в отношении региона.

В результате выделены и охарактеризованы специфика межгосударственных отношений стран Центральной Азии и России, Китая, Европейского союза, США, Турции, а также Афганистана через призму возможности и перспектив реализации идеи «Алты Алаш».

**Ключевые слова:** Центральная Азия, «Центральная Азия+», интеграция, геополитика, регионализация.

## Кіріспе

XXI ғасырдың үшінші онжылдығы басталғалы бері жаһандық жағдай ушығып тұр. Жаһандану мен интеграциялық үдерістердің барысында біріне-бірі етене араласып кеткен елдер мен экономикалық сауда қатынастар пандемияның кесірінен үлкен бір дағдарысқа ұшырап, бүгінгі күні басқа ережелермен қайта дамып келе жатса, одан бері де әлемдік геосаясатта үлкен-үлкен өзгерістер орын алуда. 2021 жылы АҚШ әскері Ауғанстанды тастып шығып, халықаралық деңгейде террористік ұйым болып табылған Тәліптер ресми түрде Ауған ислам мемлекетін басқаруға көшті. Оның артын ала Украина мен Ресей қақтығысы басталып салдарынан дүние жүзілік экономикалық қиыншылықтар туындап отыр. Осы ретте біз ғылыми зерттеу нысанына алып отырған Орталық Азия аймағының геосаяси маңызы артып, барлық дерлік жетекші ойыншылар қарым-қатынастың түрлі формаларын жандандыруда. Ертеректе ғылыми ортада қолданылып соңғы кездері назардан тыс қалыңқырап бара жатқан «Орталық Азия +1» формуласындағы байланыстардың өзектілігі қайта көтерілгенге ұқсайды. Мақала барысында «Орталық Азия +1» форматындағы бірнеше диалогтарды салыстырмалы түрде сараптап, өз тұжырымдарымыз бен көзқарастарымызды ұсыну негізгі мақсат болып табылады.

Алып Еуразия құрлығының дәл жүрегінде – Орталық Азия аймағы орналасқан. Кеңейтілген түсінікте – Орталық Еуразия, тар мағынасында – Орта Азия, тарихи-мәдени түсінік тұрғысынан Тұран немесе Түркістан ретінде қарастырылатын бұл аймақ қай кезде де халықаралық қатынастардың маңызды нүктесі болған. Ғұн мен Түрік қағанаттарының бесігі болған, Ұлы жібек жолының ең өзекті, берісі Шыңғысхан

ұрпақтарының империяларының орталығы болған, Батыс пен Шығыс әлемінің арасында бір жағы көпір, бір жағы тосқауыл-шекара болған Орталық Азия аймағындағы халықаралық саяси талас-тартыс қай кезде де толастаған емес.

Дегенмен, халықаралық қатынастар ғылымы саласындағы ғалымдардың ортасында Орталық Азия мәселесіне келгенде, 1991 жылдан, яғни Кеңестер Одағы ыдыраған уақыттан бері қарастыру әдеті қалыптасқан. Әрине, одан арғысын тарих ғылымы қарастыруы керек шығар, дегенмен, теориялық талдаулар мен тұжырымдамалық талдаулар үшін белгілі кезеңмен шектеліп, Орталық Азия аймағы 1991 жылға дейін халықаралық қатынастардың қатысушысы болмағандай қарау да біржақты көзқарас. Бірақ, біз тек соңғы жылдардағы өзгерістерді қарастыра отырып, Орталық Азияның жаңа геосаяси маңыздылығына сараптама жасауды көздейміз.

## Тақырыптың өзектілігі мен зерттеу гипотезасы

«Орталық Азия +1» формуласын алғаш ұсынған Жапония мемлекеті болатын. 2004 жылдың тамыз айында сол уақыттағы Жапонияның сыртқы істер министрі Ерико Кавагути Астана қаласында Орталық Азияның бес мемлекетінің сыртқы істер министрлерімен алғаш рет «Орталық Азия+Жапония» форматында кездескен болатын. Бұл қадам біріншіден, Жапония әрекетінен аймақ мемлекеттерімен жеке-жеке қатынас орнату емес, аймақты тұтас бір құрылым ретінде көріп, ортақ форматта келіссөздер жүргізуге болатындығын көрсетті. Екіншіден, басқа аймақтық және халықаралық жетекші ойыншылардың (аймақта мүддесі бар) осы форматта қарым-қатынас жасай алатындығын көрсетті. Үшіншіден, аймақ

мемлекеттерінің өздеріне интеграция қажеттілігін түсіндірді. Бірақ, түрлі аймақтық ұйымдардың болуы (ШЫҰ, ҰҚШҰ, ТМД, АӨСШК), аймақтағы ықпалды ойыншылардың қадамдары (РФ, ҚХР) және ең бастысы сол уақыттағы аймақ мемлекеттері басшыларының көзқарастарындағы алшақты интеграциялық үдерісті баяу жүргізді. Тіпті, аймақта интеграция болған жоқ десек те болады. Осы тұрғыдан алғанда «Орталық Азия +1» формуласын талдай отырып, ішкі интеграциялық мәселелер маңызды болып табылады.

2020 жылдың 16 шілдесінде Қытай Халық Республикасы өзінің алғашқы «Орталық Азия + Қытай» форматындағы кездесуін Сыртқы істер министрлерінің деңгейінде ұйымдастырды. Онлайн жағдайда өткен бұл кездесудің ең басты талқылаған мәселесі, тараптардың пандемиядан кейінгі экономикалық байланыстарды күшейту, үзілген көлік-тасымалдық құрылымдарды қалпына келтіру болды. Сонымен қатар, соңғы уақыттарда болып жатқан «өзгерістер», яғни, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин мырзаның үшінші рет президенттік кезеңге қалуы, жағдайды тағы бір рет бағалауға итермелейді. 2022 жылдың қазан айының 16-21 аралығында өткен ҚКП XX съезінің қорытындысы бойынша қазіргі төраға Си мырза үшінші кезеңге қалатындығы әлем жұртына түсінікті болды және осы қадамымен Си Цзиньпин мырза өзін ҚХР тарихында Мао Цзедун дәрежесіне теңестіруге ұмтылды. Ал өзінің XX съезде сөйлеген ресми баяндамасында «Біз жаңа типтегі халықаралық қатынас құруды ілгерілетеміз, жаһанды басқару жүйесін реформалау мен құруға белсенді қатысамыз» [1] деген пікір білдіріп, халықаралық деңгейде тек экономикалық көшбасшы емес, саяси көшбасшылықты қолға алу жоспарында бар екендігін көрсетті. Тағы бір қызығы қытайдың билік элитасы Си қадамдарын қолдап отыр. Бір себебі, ҚХР-дың жаһандық көшбасшылыққа ашық ұмтылу қадамдары болса керек. Бұған дейінгі көшбасшылардың барлығы дерлік, ҚХР халықаралық проблемалардың жауапкершілігін арқалаушы емес, Қытай дамушы мемлекет позициясын сақтаған еді. Осындай геосаяси тұрақсыз уақытта

ҚХР үшін, Орталық Азия аймағының берік, тұрақты және қауіпсіз аймақ болғандығы керек.

2022 жылдың қазан айының 15 күні Қазақстанда алғаш рет «Орталық Азия + Ресей Федерациясы» саммиті болып өтті. Саммит барысында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев ең негізгі мәселе – қауіпсіздік мәселесі екендігін атап өтті. Жаһандық жағдайда орын алып отырған тұрақсыздық уақытында қауіпсіздік саласындағы әдіс-тәсілдер жетілдірілуі керектігі айтылды. Сондықтан, алты мемлекеттің қауіпсіздік кеңесі аппаратына аймақта тұрақсыздықты болдырмау шараларын даярлауды ұсынды [2].

2022 жылдың 27 қазанында Астана қаласына «Орталық Азия + Еуропалық Одақ» саммиті болып өтті. Еуропалық Одақ делегациясын ЕО Еурокеңес төрағасы Шарль Мишель бастап келді. Қазақстан Республикасы Президентінің шақыртуымен аймақтағы бес елдің басшылары жиналып жаңа форматтағы қарым-қатынас үстеліне отырды. ҚР Президенті Қ. Тоқаев «Осындай геосаяси қиын жағдайда арамызға кереге емес, көпір салуымыз керек», деген пікірін білдірді [3]. Тараптардың ортақ көзқарастары бойынша, ЕО нарығына шығудың баламалы транспорттық-логистикалық дәліздерін реттеу ең маңызды мәселе ретінде қарастырылды.

Соңғы уақыттарда ғана болып жатқан саяси өзгерістер «Орталық Азия +» формуласының өзектілігінің артқандығын көрсетеді. Дегенмен, эксперттік-академиялық ортада, аталған тақырыпты талқылау, артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыру, сын-қатерлер мен жаңа мүмкіншіліктердің көкжиегін бағалау дәл осы уақытты аса өзекті болып табылады.

### Тақырыптың зерттелу деңгейі

Жалпы Орталық Азия және аймаққа қатысты мәселелер әртүрлі жағынан қамтылып, біршама жақсы зерттелген. Орталық Азиялық авторлардың өзі де ішкі проблемаларды жақсы көтеріп, өз еңбектерінде барынша талқылап келеді. Сонымен қатар, Орталық Азиямен басқа жетекші мемлекеттер мен ұйымдардың да қатынастары, батыстық, отындық және аймақтық ғалымдардың назарынан тыс

қалған емес. Дегенмен, «Орталық Азия +1» форматындағы зерттеулер, осы формуланың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы зерттеулер көп емес. Оның үстіне соңғы уақытта қайта маңызға ие болып келе жатқан бұл бағыттағы көзқарастар мен тұжырымдарға қайта қарау керектігі, жаңа көзқараспен, жаңа әдіснамамен қарастырылу керектігі тағы бар. Осы тұрғыдан алғанда, нақты «Орталық Азия +?» форматындағы кешенді зерттеулер қажет.

Біздің назарымызға ең бірінші кезекте өзбекстандық танымал ғалым, саясаттанушы, мемлекеттік емес «Билим-карвони» ғылыми орталығының директоры Ф. Толиповтың «Орталық Азиядағы геосаяси арифметика «5+1»» атты мақала ілікті [4]. Әрине аталған ғалымның бұдан басқа да іргелі еңбектері бар және олардың басым көпшілігі дәл осы біз көтеріп отырған Орталық Азия мәселелеріне арналған. Мәселен: «Орталық Азияның микро-геосаяси семиотикасы: «қиылыстар» және «көпірлер» [5], «Өзбекстан -2.0 және Орталық Азия – 2.0» [6] атты мақалаларында теориялық-концептуалдық жағынан мығым көзқарастар берілген. Бірақ біз жоғарыда айтылған «5+1» тақырыбына қатысты мақаладағы бірнеше пікірге тоқталмақшымыз.

Фарход Толипов өз мақаласында «5+1» формуласының АҚШ, ҚХР және Ресей Федерациясына қатысты ерекшеліктерін өз пікірінше білдіреді. Мәселен АҚШ-қа қатысты болған кезде «5+1=5», Ресейге қатысты «5+1=6», ал ҚХР-ға қатысты «5+1=X» деп көрсетеді (Толипов, 2020). Бұл формуланы автор АҚШ-тың Орталық Азияға қатысты көзқарасы негізінен аймаққа басымдық беру, Ресейдің аймаққа қатысты көзқарасы Ресейдің айқын басымдылығы, ал Қытайдың аймаққа қатысты көзқарасы толық біржақты ашық еместігімен түсіндіреді. Автордың кейбір пікірлерімен келіспейтіндігімізге қарамастан, аталған ғылыми еңбек аса құнды болып табылады.

Келесі бір үлкен монография Нью-Йорк университетінің баспа үйі 2015 жылы шығарған «China, The United States, and the future of Central Asia» атты зерттеу жұмысы [7]. Танымал ғалым Давид

Денонның редакциялығымен авторлардың бірлескен шығармасы. Авторлар құрамы жағынан Орталық Азия мәселесімен айналысатын мықты мамандар топтастырылған.

Кембридж университетінің профессоры Пражакти Калра Орталық Азияға қатысты зерттеудің негізгі көзқарасын өзгертуді ұсынады. Яғни, Орталық Азияны белгілі бір өркениеттің шеткі жағы (перифериясы) ретінде емес, жеке бір өркениеттің орталығы ретінде қарастыруды айтады. Автор осы пікірін дәйектеу үшін Орталық Азиялық тарихшы ғалымдардың ойталқыға және терең зерттеу жұмысына шақырады [8]. Бірақ бұл пікір ғылыми мақала ретінде жарық көрмегендіктен біз автордың соңғы ғылыми еңбектерін қарастырып шықтық. Соның ішінде 2021 жыл жарық көрген «Globalizing local understanding of fragility in Eurasia» атты тағы бір автормен бірлесіп жариялаған мақаласынан Орталық Азияға қатысты ғылыми дәйектелген көзқарастар таба алдық [9].

Отандық ғалымдардың арасынан Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері М.Т. Лаумулиннің «Шетелдік саясаттану мен әлемдік геосаясаттағы Орталық Азия» деп аталатын 5 томдық монографиялар жинағын атап өткіміз келеді [10]. 2006 жылы жарық көрген, «Орталық Азияның геосаясаты» атты Р. Жұмалының еңбегі тақырыптың теориялық-тарихи аспектілерін салыстырып талдауға мүмкіндік береді [11]. Сонымен қатар, аталған тақырыпқа қатысты отындық бірнеше авторлардың еңбектерін Қ. Байзақова [12], М. Губайдуллина [13], Ә. Ермекбаев [14], Д. Жекенов [15], Ж. Төлен [16] атап өткіміз келеді.

### **Тақырыптың теориялық және әдіснамалық негізі**

Халықаралық қатынастардың жетекші ойыншылары «құрлықтық қағанаттар ма, әлде мұхиттық империялар ма?», - деген ғылыми пікірталас әлі жалғасып келеді. Ұлыбританиялық ғалым Хэлфорд Джон Маккиндер 1904 жылдың 25 қаңтарында Корольдік географиялық қоғамдастықтың алдында жасаған баяндамасында ең



алғаш рет мұхиттық империялардың уақыты аяқталып, құрлықтық қағанаттардың таңы атып келеді деген пікір білдірген еді. «Тарихтың географиялық өзегі» атты еңбегінде Еуразия құрлығының жүрегін кім иелік етеді, сол әлемге иелік етеді деген тұжырым жасаған [18].

Ғалымдар арасында Еуразияның «жүрегі» немесе талмаурын тұсы қай жер деген талас бүгінгі күнге дейін созылып келеді. Бір топ ғалымдар шығыс Еуропа десе, келесі топ Орталық Азия деп тұжырымдайды. Маккиндер өзі тұспалдаған жер төмендегі картада көрсетілген. Шығыс Еуропаны да Орталық Азияны да қамтитын аймақ.

Осы бір тұста, қазақ әдебиеті мен тарихында аңыз-әпсана деңгейінде талқыланатын, бертін келе философиясында қолданыла бастаған Қорқыт пен Асан қайғы тұжырымдарын айта кеткіміз келеді. Қорқыт философиясынан бастау алып, Асан қайғының «Жерұйық» іздеу мұраты аңыздық деңгейден теориялық деңгейге көтерілсе дейміз. Асан қайғы бабамыз Орталық Азия тіпті одан да кең кеңістікті аралап, түрлі хандар мен қолбасшылардың қасында болып, іргелі мемлекет құру үшін қолайлы жер іздеген еді - «географиялық детерминизм». Мықты мемлекет құрылуы үшін орналасқан жері қолайлы, тоғыз жолдың торабы, бір сөзбен айтқанда - «Хардленд». Қасым хан билік құрған жылдары негізгі стратегиялық бағыт Сыр бойындағы қалалар болды. Теориялық тұрғыдан Сыр бойының маңызды екендігін Асан қайғы жырларында бар. Яғни, мемлекет басқару тұжырымдық негіздер бар және оның практикадағы қолданысы Қасым хан және одан кейінгі мықты хандардың қимылдарынан көрініс береді.

Жаңа заманға келер болсақ, ойымызға бірден американдық ғалым, Джон Хопкинс университетінің Орталық Азия және Кавказ институтының профессоры Фредерик Старрдың «Үлкен Орталық Азия» тұжырымы оралады [19]. Бұл жоба Американың Ауғанстанды қоса алғанда аталған аймаққа бағытталған сыртқы саясатының тұжырымдық негіздерінің бірі еді. Дегенмен, бұл тұжырым сәтсіз болды деп айтсақ

болады. Бірақ, аймақтың географиялық шекарасына қатысты пікірталас үшін осы бір ғылыми еңбектің құндылығы жоғары.

### Дискурс

#### Орталық Азия + Ресей

Украина мен Ресей Федерациясы арасында болып жатқан әскери қақтығыстар да, Орталық Азияның жалпы қауіпсіздік мәселесіне тікелей әсер етіп отыр. Біріншіден, соғыс ұзаққа созылып, жаңа деңгейге көтерілген жағдайда аймақ мемлекеттерінің тікелей немесе жанама соғысқа араласу қауіпі. Екінші жағынан, Орталық Азия мемлекеттерінің транспорттық-логистикалық маңызының артуы. Мәселен, Қазақстанның сыртқа шығарылатын энергоресурстарының 70 пайызы Еуропа елдеріне жеткізіледі екен. Бірақ, осы 70 пайыз, Еуропалық елдердің тұтынушылық сұраныстарының тек 6 пайызын ғана қанағаттандырады. Үшіншіден, Ресей Федерациясының қарсыластары Мәскеуді әлсірету мақсатында айналасында (периферия) тұрақсыздық орнатуды да көздеуі мүмкін. Мәселен, әзербайжан-армян, қырғыз-тәжік қақтығыстары.

Ресей Федерациясының сыртқы саяси концепциясында аймақтық басымдықтарының ең алдыңғы қатарында ТМД және ЕАЭО шеңберінде әріптестік бекітілген. Сондай-ақ осы құжатта посткеңестік кеңістіктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретінде Ресей Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымын (ҰҚШҰ) қарастырады [20]. Орталық Азия елдері осы аталған құрылымдардың мүшесі екендігін ескерсек, оның Ресей үшін маңызын түсінуге болады. Ресей мен Орталық Азия саяси, экономикалық және инфрақұрылымдық жақындығына байланысты ортақ саяси-экономикалық және қорғаныс кеңістігін құрайды. Бұған ортақ тарих, соның ішінде бір мемлекеттің құрамында болғандығы да ықпал етеді. Бұл көбінесе географиямен де байланысты. Орталық Азия Ресей үшін стратегиялық маңызды буферлік аймақ болып табылады, ал Еуразияның орталығында орналасқан аймақ елдері үшін Ресей аумағы маңызды транзиттік кеңістік болып табылады.

Тарихи тұрғыдан Ресей үшін бұл аймақ посткеңестік кеңістік болып табылады. Оның Ресей үшін маңыздылығын осы елдің басшылары да айтуда. Мысалы 2008 жылы Президент Медведев БАҚ-қа сұхбат берді, онда ол Ресей Федерациясының сыртқы саясатының негізгі принциптерін сипаттай келе, Ресейдің «артықшылықты мүдделерінің аймақтарын сақтау» керек деді [21]. Ресейдің «артықшылықты мүдделері» туралы мәлімдемелері басқа сыртқы ойыншылардың назарын "қызыл сызыққа" тағы бір рет аударуы деп қабылдау керек. Оның астарында Ресейдің ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлер тұр деген сөз.

Экономикалық тұрғыдан Орталық Азия негізінен Ресейге етене жақын болып отыр. Оның маңыздылығы жөнінде ҚР президенті Қ.Тоқаев экономиканы екінші өлшем деп атай отырып, Орталық Азия мен Ресей елдерінің экономикалық ынтымақтастығының жаңа моделін әзірлеп, қабылдауды ұсынды. Оның айтуынша, шағын және орта бизнесті қолдау шараларына, энергетика, өнеркәсіп, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы салаларында бірлескен жобаларды іске қосуға баса назар аудару қажет [22]. Көлік пен транзитке назар аударып, дәстүрлі логистикалық тізбектердің үзілуі жағдайында өңір елдері транзиттік-көліктік әлеуетті толық іске қосуы керек.

Қазіргі кезеңде Ресей үшін экономикалық санкциялар салдарынан туындаған дағдарысқа байланысты бұрынғы кеңестік кеңістіктегі, әсіресе Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде (оның ішінде Орталық Азия елдері де бар) экономикалық әріптестікті нығайту әлемдік экономикаға одан әрі интеграцияланудан маңыздырақ.

Басқа аспектілер бойынша, мысалы, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан үшін еңбек мигранттарының мәселесі елеулі проблемалар туғызуы мүмкін. Ресейде қысым жасау тәсілдері, әсер етудің жеткілікті шаралары бар, бірақ ол оларды саналы түрде пайдаланбайды. Ресей үшін ОА-дағы ішкі саяси тұрақтылық басымдық болып табылады және осы өңірдегі саяси басшылық бүгінгі таңда жалпы алғанда Ресейдің

мүдделеріне жауап беріп отыр деуге болады. Егер Ресей ішкі саяси процестерге араласса онда бұл елдердегі саяси өмірдегі қақтығыстарға алып келуі мүмкін. Бұл сәйкесінше тұрақсыздықтың өсуін білдіреді, ал Ресей үшін бұл қажет емес.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағынан ҰҚШҰ-на мүше Орталық Азия мемлекеттері ұйым шеңберінде және екіжақты форматта да Ресеймен тығыз әскери-саяси байланыста. Өңір елдеріндегі тұрақтылық пен қауіпсіздік бүкіл өңірдің дамуына тікелей әсер етеді. Жаңа қатерлердің алдын алу және оларға уақтылы ден қою үшін пәрменді құралдарды әзірлеу қажеттігі де бар.

Ресей ұлы держава ретінде өзінің «постимпериялық бірегейлігін» іздеумен айналысып жатқан тұста, Орталық Азия елдері бұған өздерінің мемлекеттілігін нығайтумен жауап беруде. Бұл таңқаларлық жайт емес, өйткені олар үшін тәуелсіздік ең алдымен Ресейден тәуелсіздікті білдіреді. Ресеймен тым белсенді жақындасу Орталық Азия елдері үшін егемендікті жоғалтуға әкелуі мүмкін деп қабылданатындығы жасырын емес. Ресейдің Украинаға агрессиясынан кейін Орталық Азия елдері Мәскеуден алыстауға тырысуда. Бұл мемлекеттердің басшылары Ресейдің агрессиясын қолдамайды, бірақ оның әрекеттерін ашық айыптамайды да. Оқшауланған және санкциялық қысымға ұшыраған Ресейдің көршілеріне мұқтаж екенін түсініп Орталық Азия республикалары Мәскеумен және басқа да сыртқы акторлармен қарым-қатынасты сақтауға тырысып, сыртқы саясатын абайлап жүргізуде. Оның белгісі ретінде таяуда өткен «Орталық Азия — Ресей» саммитінде Тәжікстан президенті Э.Рахмонның Ресей басшысы В.Путинге «Орталық Азия елдеріне бұрынғы Кеңес Одағы сияқты саясат болмас үшін» серіктестеріне құрметпен қарауға шақырып айтқан сөзі болды [23].

Үстіміздегі жылдың басында «Украинадағы қазіргі жағдай және Батыстың Ресейге қарсы әрекеттері» жағдайында Ресейде сыртқы саяси концепциясының жаңа редакциясы талқыланып жатыр және оған елеулі өзгерістер енгізілуі ықтимал. Ол туралы РФ Қауіпсіздік кеңесі хатшысының

орынбасары А.Венедиктов: «біздің ұжымдық Батысқа деген көзқарастарымыз терең түзетулерге ұшырайды» деді [24]. Бірақ жоғарыда аталған факторларды ескерсек, Ресейдің Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты ұстанымы жақын болашақта өзгеріске ұшырамайды деуге болады.

### Орталық Азия + Қытай

2022 жылдың қазан айының 16-22 жұлдыздары аралығында Қытай Халық Республикасында Қытай коммунистік партиясының тарихи 20-шы съезі өтті. Қорытындысы бойынша, қытай жоғарғы билігінде сақталған билік алмасу ережесін өзгертіп қазіргі төраға Си Цзиньпин мырза үшінші кезеңге аяқ басты және ең бастысы өмірінің соңына дейін билік ету жүйесін құрып алды. Әлемнің екінші экономикасы және әлемнің ең үлкен тұтынушысы болып табылатын ҚХР-дағы саяси өзгерістер Орталық Азия үшін ғана емес, әлем үшін маңызды. Әлемнің барлық бұқаралық ақпарат құралдары 20-шы съезді толықтай қадағалып отырды. Қытайдың Орталық Азияға қатысты қарым-қатынасы аймақ үшін аса маңызды бағыттың бірі. Қытай Халық Республикасы үшін Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау өте маңызды. Аймақтағы тұрақтылықты сақтау тек экономикалық мүдде тұрғысынан ғана емес, мемлекеттің ішкі тыныштығын бұзбау үшін де қажет. Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында мұсылман халықтарының болуы, оның ішінде орталық билікке қарсы оппозицияның болуы, оның ықпал ету аймағына тым жақын Ауғанстан ислам мемлекетінің құрылуы, сонымен қатар олардың тарихи, этникалық және ең бастысы, діни бірлігі Қытай үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қытай басшылары Орталық Азия аймағын діни экстремизм мен радикалды ағымдардың өз аумағына енуіне жол бермеу үшін қалқан «буфер» ретінде пайдаланбақ.

Қытай әлемдегі ең ірі экономикалардың бірі. Орталық Азиямен көрші болғандықтан, аймаққа ықпал етуі табиғи нәрсе. Егер бұрын Қытайдың сыртқы саясатындағы Орталық Азия бағыты АҚШ-тың аймақтағы геосаяси бақылауын орнатудан сескенуімен және

оның ықпал ету аймағының шекарасына тікелей жақындауымен; Шыңжаңдағы сепаратистік үрдістер, одан кейін Қытайдың «батыс аудандарды дамыту саясатын» жүзеге асыру үшін Каспийдегі мұнай мен газ қорына қол жеткізумен түсіндірілсе, соңғы жылдары жоғарыда аталған себептерге «Белдеу және жол» бастамасы және оған Орталық Азия елдерінің қатысуы негізінде қызығушылық пайда болды. Бұған дәлел, аймақ елдерінің ауқымды инвестициялары мен несие беруі, экономикалық ынтымақтастық пен сауда; қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық (ШЫҰ шеңберінде); Конфуций институттарының жұмыс істеуі және Қытайда оқуға гранттар беру және т.б.

Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасы Батыс Еуропаға және болашақта Парсы шығанағы елдеріне Орталық Азия аймағының аумағы арқылы өтетін транзиттік-көлік дәлізінің құрылысы. Энергетика және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру саласындағы, оның ішінде «Белдеу және жол» мегажобасы шеңберінде өзара іс-қимылдың стратегиялық сипаты көрініп отыр. Өткен 30 жылда Орталық Азия мемлекеттері тату көршілікке және бір-біріне тұрақты қолдау көрсетуге негізделген шынайы ынтымақтастық орната алды. Орталық Азия елдері серіктестер ретінде және Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) мүшелері ретінде Қытайдан тауарлардың жоғарыда аталған аймақтарға өту қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Орталық Азия мемлекеттеріне қытайлық инвестициялардың 40 млрд долларының жартысы Қазақстанға тиесілі. Бұл да өте айқын көрсеткіш. Сондықтан біздің ел Қытайдың аймақтағы ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі болғаны заңды құбылыс.

«Орталық Азия – Қытай» өзара іс-қимыл форматының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану келесі міндеттерді шешуге назар аударуды қажет етеді. Ең алдымен, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыру жөнінде күш-жігер жұмсау қажет. Бұл тауар айналымы құрылымын әртараптандыруды, кедергілерді жоюды, кеден істерінде тәртіп орнатуды және инновациялық шешімдерді енгізуді көздейді. «Белдеу

мен жолды» одан әрі дамыту, оның ішінде қосылған құны жоғары ірі жобаларды іске асыру арқылы бірлескен жұмысты жандандыру.

Транзиттік-көліктік маршруттарды әртараптандыру және интеграцияланған логистикалық шешімдерді, оның ішінде жаңа құрлық дәліздерін іске қосу арқылы енгізу. Қазақстан осы мақсаттарға 2025 жылға дейін 20 млрд доллар инвестиция салуды жоспарлап отыр, бұл өз кезегінде, Қытайдан келетін транзиттік ағындарды кеңейтетінін, сондай-ақ өңір елдерінің өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыратынын білдіреді [25].

Қытайдың Орталық Азияға экономикалық енуі ең алдымен өңірдің минералды-шикізат ресурстарын игеру мен импорттауға, қытайлық тауарлар мен қызметтерді экспорттауға бағытталауда. Қытай-Орталық Азия сауда қатынастары «дайын өнімді – шикізатқа» айырбастау формасында қалыптасып, елдердің шикізаттық база ретінде қалып қою ықтималдығы артады. Оның үстіне осы аймақтағы бірқатар елдер Пекиннің «қарыз тұзағына» түсіп кетуі әбден мүмкін деген алаңдаушылық та бар.

Пекин Ресейге, АҚШ-қа тән және Еуропалық державалардың риторикасын қолданбайды.

ҚХР тұрғысынан ықпал ету аймақтары туралы кез-келген пайымдау басқа халықтарға менсінбейтін және тәкаппар қарауға дағдыланған Батыс отаршылдығының көрінісі болып табылады. Бұл, әрине, Бейжің үшін ықпал ету «аймақтары» жоқ дегенді білдірмейді, бірақ ол ашық жарияланбайды және тек жалпы «үйлесімділікке ұмтылу» тұрғысынан сипатталады [26]. Іс жүзінде бұл ҚХР-ның экономикалық мүдделерін мүмкіндігінше жұмсақ ілгерілетуге жол ашады.

### Орталық Азия + Ауғанстан

2021 ж. тамызда Орталық Азия аймағына көрші болып табылатын Ауғанстанда ресми билікті халықаралық деңгейде террористік ұйым болып танылатын тәліптер басып алды. Аймақ территориясын тарихтың әртүрлі кезеңінде бақылауында ұстаған Ұлыбритания, Ресей және АҚШ, ауған мемлекеті үшін де, оның көршілері үшін де «ендігі жерде мәселелерінді өздерің

шешіп алыңдар» деген кейіпте қалдырып кете барды. Орталық Азия өзінің дәл іргесінде орналасқан осы бір тұрақсыз аймақпен қалай да қатынас орнатуға мәжбүр.

АҚШ-тың Ауғанстандағы саясатының сәтсіз аяқталып, соңында осы елден кетуі, осы елде орнатқан режимнің тез ыдырауы Ауғанстанның жақын көршілерінің де, аймақтағы мүдделері бар елдердің де қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін көтерді. Ауғанстанға байланысты алаңдатарлық белгісіздік көптеген жылдарға созылуы мүмкін. Осы уақыт ішінде Ауғанстан факторы аймақтық қауіпсіздікке шешуші әсер етіп, аймақ мемлекеттерін тек әскери салада ғана емес, экономика мен саясатта да ынтымақтастыққа итермелейді.

Ауғанстан проблемасы бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ өзіндік логикасы мен даму динамикасы бар көптеген мәдени-антропологиялық, тарихи, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, саяси, діни, институционалдық, геостратегиялық және басқа өлшемдерді қамтиды. Тиісінше, Ауғанстан мәселесінің әмбебап шешімі жоқ. Бүгінгі таңда, Орталық Азия мемлекеттерінің алдында және жалпы халықаралық қоғамдастықтың алдында туындайтын сын-қатерлер мен қауіптерді азайту перспективалары туралы ғана айтуға болады.

Халықаралық терроризмнің қауіптілігі, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушылар мәселесі, трансшекаралық қылмыс, есірткі саудасының арту қауіпі, Ауғанстанның «сәтсіз мемлекетке» айналу мүмкіндігі, осы елдің жекелеген провинциялардағы немесе бүтін ел көлемінде гуманитарлық апат орын алуы мүмкіндігі туралы үнемі айтылып жатыр. Сонымен қатар, Ауғанстандағы биліктің өзгеруінің Орталық Азия үшін, сондай-ақ халықаралық жүйе үшін көптеген жағымсыз әсерлері болжануда.

Жалпы, Орталық Азия мемлекеттері «Кабул процесі», «Мәскеу форматы», «Стамбул процесі» форумы, Ауғанстан бойынша халықаралық байланыс тобы, «ШЫҰ–Ауғанстан» байланыс тобы, Ауғанстан бойынша өңірлік экономикалық ынтымақтастық конференциясы (RECCA) сияқты Ауған проблемасына арналған



халықаралық форумдардың белсенді қатысушылары болып табылады. БҰҰ Орталық Азия үшін алдын алу дипломатиясы жөніндегі орталығы өңір мемлекеттерінің Ауғанстанмен ынтымақтастығын дамытуға маңызды үлес қосатынын атап отыр [27].

Алайда, Орталық Азия мемлекеттері Ауғанстанға қатысты өздерінің ортақ ұстанымдарын айқындап, бірлескен стратегиясын құрулары қажет. Institute for war & Peace Reporting Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Абахон Султонназаровтың пікірінше, Орталық Азия үшін аймақтың ұжымдық бірегейлігі арқылы Ауғанстандағы оқиғалардың шешімін табу, оларды талдаудың және жағдайға бірыңғай және прагматикалық көзқарасты дамытудың алдыңғы қатарында болу өте маңызды [28].

Кабулдағы жаңа өкіметпен өзара әрекеттесу кезінде Орталық Азия елдерінің түпкілікті мақсаты-Талибан үкіметін көршілеріне қарсыласуға және исламистік моделін экспорттауға жол бермеу. Дегенмен, Ауғанстанда қалыптасқан саяси режиммен қандай да бір жолмен қарым-қатынас орнатуы керек. Бұл аталған өңір елдеріне де, халықаралық қауымдастыққа да қатысты. Қазір Кабулда жаңа билік орнады – бұл ескеруді қажет ететін объективті шындық. Ашраф Гани үкіметінің құлауы әртүрлі қауіп-қатерлерді тудырды, бірақ қазіргі дағдарыс 1996-2001 жылдардағы дағдарыстан өзгеше, өйткені Орталық Азия мемлекеттері қазіргі таңда өз мүдделерін жүзеге асыруға көбірек мүмкіндіктерге ие.

Орталық Азия мемлекеттерінің ұстанымы Ауған дағдарысын саяси-дипломатиялық реттеуді белсенді түрде ілгерілетіп отырып, Ауғанстанның бейбіт экономикасын жандандырмай, бейбіт дамудың артықшылықтарын көрсетпей, толыққанды және берік бейбітшілік орнатуға қол жеткізу мүмкін емес екенін түсінуден туындайды. Ауғанстанды өңірлік сауда-экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларға тарту жөніндегі жан-жақты күш-жігерді жалғастыруға ниет білдіріп отыр.

Қазіргі кезде Орталық Азияның мемлекеттері Ауғанстанмен көбінесе екіжақты негізде әрекеттесуде, бірақ олар консультативтік кездесулердің жолға

қойылған платформасын пайдаланып, дағдарысты еңсеру үшін бірлескен тәсілдерге көшуге тиіс. Бұның оң нәтижелі мысалдары да бар. Орталық Азия мемлекеттерінің Ауғанстанның әлеуметтік және экономикалық жандануы бағытындағы ынтымақтастығы мынадай түйінді салаларда жүзеге асырылып келді.

Сауда. Ауғанстанның сыртқы сауда айналымындағы Орталық Азия елдерінің үлесі бүгінгі күні 25% жуық немесе шамамен 2 млрд долларды құрайды. Біздің елдерімізден Ауғанстанға экспортталатын тауарлар номенклатурасы көптеген Ауған кәсіпорындарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және елдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін өте маңызды өнімдерді қамтитынын атап өткен жөн. Олардың ішінде химиялық тыңайтқыштар, бидай ұны, тамақ өнімдері, энергия және мұнай өнімдері, машина жасау, электротехника, жеңіл өнеркәсіп өнімдері, қызметтер және т. б.

Энергетика. Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан бүгінде Ауғанстан үшін электр энергиясының сенімді көзі болып табылады. Оны өндіру бойынша ішкі қуаттардың жеткіліксіздігіне байланысты электр энергиясының өткір тапшылығы Ауғанстанның әлеуметтік және экономикалық дамуына кедергі келтіреді. Кейбір деректер бойынша, жыл сайын Орталық Азия елдері Ауғанстанға 4 млрд.кВт/сағ немесе Ауғанстанның электр энергиясына деген қажеттілігінің 70% - дан астамын қамтамасыз етеді [29].

Көлік. Экономикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қалпына келтіруде, сондай-ақ Ауғанстанның Орталық Азиямен толыққанды әрекеттестікте өңір елдері көлік қатынасын нығайтуға және Ауған аумағының транзиттік әлеуетін «жаңғыртуға» ерекше назар аударады. Қазіргі уақытта Орталық Азиядан Ауғанстанға ұзындығы 75 км «Термез – Хайратон – Мазари-Шариф» және ұзындығы 118 км «Атамұрат – Имамназар – Акина – Андохой» теміржол маршруттары салынды.

Гуманитарлық саладағы өзара іс-қимыл. Орталық Азия елдері коронавирустық пандемия кезінде Ауғанстанға азық-түлік, медициналық жабдықтар, дәрі-дәрмектер түрінде кем дегенде 12 рет гуманитарлық көмек

жіберді. Орталық Азия елдері тарапынан Ауғанстанның бейбіт дамуына және тұрақты қоғам құруға өз үлесін қосатын жаңа зияткерлік элитасын қалыптастыруда да елеулі қолдау көрсетіліп келді. Орталық Азия елдерінің барлығында Ауғанстан жастары білім алуда.

Бүгінде, Орталық Азия мемлекеттері Ауған жерінде бейбітшілік орнатудың және өркендеудің белсенді жақтастары бола отырып, ауған халықына көмек беруге дайын екендігін қуаттайды. Барлық бес ел бейбіт риториканы насихаттайды және Ауғанстанға қатысты мәселелерді аймақтық және халықаралық ауқымдағы маңызды құжаттарда бекітілген тәсілдер мен ұстанымдар негізінде шешуді ұсынып отыр.

Әрине, Кабулға көмек көрсетуге дайын екендігі туралы белгі берумен бірге, жаңа өкіметтен де бірқатар міндеттемелерді орындау қажеттігін еске салу керек, бұл - терроризм мен есірткі саудасына қарсы ымырасыз күрес; гуманитарлық көмекті бөлу кезіндегі ашықтық; барлық этникалық және діни топтармен ымыраға келу; ішкісаяси шиеленісті мәселелерді саяси диалог негізінде шешу т.б..

Бұл ретте, біздің ойымызша, Орталық Азия елдерінің көпжақты қарқынды ынтымақтастығы Ауғанстанды әлеуметтік-экономикалық жағынан қалпына келтіру жөніндегі жобаларды бірлесіп ілгерілетуді жандандыру есебінен сапалы деңгейге шығарылуы, сондай-ақ соңғы кезде өзекті болып отырған ауған бағытындағы мәселелер есебінен кеңейтілуі тиіс.

Ауған босқындарына қатысты бірыңғай тәсілді әзірлеу, ондағы гуманитарлық дағдарыстың салдарын жеңілдетуге жәрдемдесу, есірткі трафигінің өсу қаупіне қарсы іс-қимыл және елдегі халықаралық күштердің шығарылғаннан кейін өңірде экстремизм мен терроризмнің таралуына қарсы іс-қимыл ауған бағытындағы өңірлік ынтымақтастықтың болашақ күн тәртібіне енгізілуі ықтимал.

### **Орталық Азия + Түркия**

Реджеп Тайып Эрдоған басқарып отырған Түркия Республикасы да тарихи тамырдың ортақтығын, этникалық

туыстықты және ең бастысы Тұран идеясын алдыға тартып, Орталық Азия аймағын ғана емес бүтін Түркі әлемін тұтастандырғысы келеді. Ол үшін де Орталық Азия маңызды аймақ болып отыр. Тұран идеясы бүгін-ертең іске аса қоймасы түсінікті, тіпті мәңгі идея қалпында қалар. Дегенмен, Орталық Азия аймағындағы күштер теңдігін сақтау мәселесінде Түркия салмағы маңызды.

Түркия тарихи және мәдени байланыстарды ескере отырып, Орталық Азия елдері үшін әрқашан ерекше серіктес болуға тырысып келеді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия республикаларының тәуелсіздігін мойындап және содан бері осы елдердің егемендігін тұрақты қолдады. Дегенмен 1990 жылдардың басындағы бауырлас елдер табысып жатқан тұста, Кеңес одағының шекпенінен шыққан елдердің басшылары Түркиямен өзара қарым-қатынасқа аздап сақтық танытқаны жасырын емес. Бірақ бүгінде Украинадағы соғыс аясында Түркия мен Орталық Азия елдерінің жедел жақындасуы үшін жаңа факторлар пайда болуда.

Бір жағынан, бұған соңғы жылдары белсенді сыртқы саясатты жүргізіп келе жатқан Анкара стратегиясының өзі ықпал етеді. Әсіресе, Қарабахтағы соғыстан кейін түрік билігі Орталық Азиядағы әскери-саяси ықпалын одан әрі нығайтуға шешім қабылдады. Екінші жағынан, Түркияның аймақтағы рөлін нығайтуға түркі интеграциясы процестерін институционализациялау көмектеседі. Өткен жылы түркітілдес елдер көшбасшыларының саммиттері толыққанды халықаралық құрылымға – Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің қатарында 5 мемлекет бар түркі мемлекеттерінің ұйымына ресми түрде ресімделді. Түрік идеологтары бұл фактіні «бір ұлт - бес мемлекет» қағидатын алға тарта отырып, ішкі саясатта жиі қолданады.

Түркияның аймақпен ортақ шекарасы жоқ екенін ескеру маңызды, бұл айтарлықтай кемшілік. Бұл факт Түркияны транзиттік елдерге тәуелді етеді. Иран Түркияның Орталық Азиядағы бәсекелесі ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияға қысқа, жылдам және арзан жолды қамтамасыз ететін транзиттік ел. Сол

себеппен Түркия транскаспий бағыттарын дамытып және Каспий маңы елдерімен ынтымақтастықты тереңдете отырып, өз тауарларын Орталық Азияға тасымалдауды әртараптандыруды көздеп отыр [30].

Түркиямен сауда-саттық Орталық Азия үшін де тиімді, өйткені Түркия өсіп келе жатқан нарық болып табылады. Олар сондай-ақ жаңа көлік маршруттарынан пайда көріп, экспортын арттыра алады. Сонымен қатар, олар Түркияны импортты әртараптандырудың баламалы жолдарының бірі ретінде қарастыруы мүмкін. Сондықтан Орталық Азия елдері мен Түркия үшін еркін сауда туралы келісім бойынша келіссөздерді өңірлік немесе еуразиялық интеграция шеңберінде бастау маңызды деп есептейміз.

Қазіргі таңда Қазақстанға инвестиция салып отырған шетелдіктер арасында Түркия алдыңғы бестіктің ішінде тұр. Ал Қырғыз Республикасына тартылған шетел инвестициясы көлемі жағынан Түркия Қытайдан кейінгі екінші орынды иелейді екен. Соңғы деректер бойынша Қырғыз Республикасы мен Түркия арасында 300-ден астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Бейтарап саясат ұстанып отырған Түркіменстанның мұнай-газ саласында түріктер белсене қызмет істеп жатыр. Соңғы жылдары нарықтық экономикасының жандана түсуімен көзге түсіп келе жатқан Өзбекстанға да Түркия айырықша ықылас танытып отыр.

1990 жылдары экономикамен қатар Түркия Орталық Азияда «жұмсақ күштің» кең құралдарын қолдануға кіріскен еді. Аймақтағы түрік саясатының негізін білім беру саласын насихаттауға қатысты саясатты бөліп көрсетуге болады. Оның жетекшілігімен, ең алдымен, түркітілдес елдер халқының дүниетанымының негізінде жатқан құндылықтардың біртұтас кешенін қалыптастыратын мәдени және діни қауымдастық идеясына негізделген «жаңа түркі бірегейлігін» дамыту туралы сөз болып отыр. Бұл болашақта экономикалық және саяси тұрғыдан тиімді өзара іс-қимылдың негізі болады.

Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттері мен Түркия арасындағы әріптестікті баламалы логистикалық

маршруттарды қалыптастыру тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге перспективалы геосаяси бағдар ретінде көреді. Түркия радикалды исламистердің Орталық Азия елдеріне енуіне қарсы күресте басты рөлді атқаруға тырысады. Бұл оған аймақтағы ықпалды нығайтуға қосымша мүмкіндіктер беруі мүмкін.

Түркияның Орталық Азиямен байланыстары қазіргі күнде қауіпсіздік және саяси салаларға да кеңейді. Түркияның Таулы Қарабах қақтығыс кезіндегі Әзірбайжанға көрсеткен қолдауы айнала жұртқа ой салғаны белгілі. Әскери өнеркәсіп саласында қарқынды дамып келе жатқан Түркия Таяу Шығыстағы соғыстарда террористерді аластауға белсене араласып, Оңтүстік Кавказ аймағындағы әскери, саяси күштер арасындағы балансты өзгертуге ықпал етті. Сонымен қатар бауырлас елдермен жасалған келісімдер негізінде екіжақты қорғаныс бағдарламалары арқылы Орталық Азия елдерінен жүздеген әскери қызметкерлерге оқу орындарынан білім алуына жағдай жасады. Сондай-ақ аймақтың көптеген елдеріндегі әскери модернизация жобаларына белсенді түрде қатыса бастады [31].

Түркия экономикалық ынтымақтастықты тереңдетумен қатар, әскери салада Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылады. Бұл, ең алдымен, соңғы уақытта жаңа деңгейге шыққан өңір елдерімен екіжақты байланыстар туралы. Бүгінде түркі мемлекеттерінің қатысуымен әскери блок — «Тұран армиясын» құру идеясы белсенді талқылануда.

Соңғы жылдары түркі халықтарының бірлігін нығайтуды көздейтін ұлтшылдар тарапынан «Тұран одағын» құру, «түркі әлемінің интеграциясы» секілді терминдер көптеп айтылып жүр. Алайда аймақтағы державалардың саяси және экономикалық ықпалды күштері арасындағы баланс қысқа уақыттың ішінде реттеліп, түріктердің пайдасына шешіле қоймасы белгілі. Дегенмен мұндай қадамға Орталық Азия елдерінің өздері мүдделі болып отырғандығын ескерсек, Түркиямен қатынас жоғары деңгейге жететініне күмән жоқ. Тығыз экономикалық және этномәдени байланыстардан басқа, мемлекеттерді ортақ геосаяси мүдделер де

байланыстырады. Түркі тілдес мемлекеттердің қандай да бір саяси блогын құру мақсатында түркі әлеміндегі амбициялар мен көшбасшылыққа деген Түркияның ұмтылысына күдіктеріне қарамастан, Анкара Орталық Азияның маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі болып қала береді [32].

### Орталық Азия + Еуропалық Одақ

Орталық Азияның шынымен геосаяси маңызы артты ма, әлде энергоресурс алдағы қыстан толық шығуға жетпейтіндіктен бе, Еуропалық Одақ кеңесінің басшысы Шарль Мишель келді елордаға. Орталық Азия + Еуропалық Одақ форматында жаңа бір платформа пайда болып, тараптар қарым-қатынастың мүмкіндіктерін талқылады. Еуропалық Одақтың бұл қадамынан бірнеше себеп көргендей болдық: біріншіден (ең басты себеп), шынымен энергетикалық мұқтаждық. Еуропаның жер-жерлерінде қымбатшылыққа қарсы шерулер белең алуда. Еуропа осы қыстан аман шығу үшін тіпті ЖОО-ын ішінара онлайн режимге көшіруді қарастыруда деген ақпараттар бар. Мейрамханалар мен асханалар тамақ даярлауда электр қуатын емес қарапайым оттың шоғын пайдалануға көшіп те кетті; екіншіден, Ресейдің Орталық Азия аймағындағы ықпалы азайған уақытта, аймақ мемлекеттерімен екі жақты және көп жақты форматтарда қарым-қатынас деңгейін жаңа сатыға көтеру; үшіншіден, РФ-ын айналып өтетін транспорттық-логистикалық жаңа жолдардың елеуетін арттыру.

Еуропалық Одақтың да, аймақ елдерінің де мүдделерін қанағаттандыратын Орталық Азия аймағына қатысты Еуропалық саясаттың нақты контурын анықтау ұзақ уақытты қажет етіп, әлі де өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру сатысында. Еуропалық Одақтың Орталық Азияға қатысты стратегиялар деп аталатын алғашқы бағдарламалық құжаттары, негізінен, аймақтағы өзінің саяси және экономикалық қатысуын қолдауға бағытталған іс-қимыл жоспарлары ғана болды. Сонымен қатар, Орталық Азия елдері халықаралық аренада толыққанды субъектілер және

тиісінше тең құқықты әріптестер ретінде Еуропалық Одақпен прагматикалық өзара іс-қимылға мүдделі болған. 2019 жылы Еуропалық Одақ 2007 жылғы алдыңғы құжаттың орнына келген Орталық Азия бойынша жаңа стратегияны қабылдады [33].

Еуропалық саясаткерлердің пікірінше, ол екі аймақ арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңін, олардың арасындағы өзара әрекеттесудің жетілдірілген тәсілдерін белгілейді. Сондай-ақ бүгінде 2015 ж. қол қойылып 2020 ж. күшіне енген Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім (ынтымақтастықтың 29 саласын қамтитын) шеңберінде стратегиялық әріптестікті нығайтудың маңыздылығы артып отыр. Осы құжаттардың негізінде толыққанды қатынстар тереңдетілуде.

Еуропалық Одақ үшін бұл аймақтағы негізгі мүдде - энергетикалық ресурстарды өндіру және тасымалдау болып қалады. Қазақстан-Еуропалық Одаққа энергия ресурстарының ірі жеткізушісі және Еуропалық одақ нарығына энергия көздерін әртараптандыруға үлес қосады. Қазақстан өз мұнайының 70% - сол елдерге жеткізеді (бұл ЕО жалпы импортының шамамен 6% құрайды). Еуропалық Одақ Қазақстанның негізгі инвесторларының бірі және ірі сауда серіктесі болып табылады.

Жақында Еуропалық кеңес төрағасы Шарль Мишельдің Қазақстанға сапары және Орталық Азия басшыларымен кездесуі өте күрделі геосаяси жағдайда өтті. Геосаяси шиеленіске байланысты Еуропалық Одақ пен Ресей арасындағы санкциялық қарсыласу жағдайында көрініс тапқан энергетикалық дағдарыстың салдарынан Еуропалық Одақтағы шикізат көздеріне деген қызығушылығы арта түсті. Осы орайда, тауарларды жеткізудің жаһандық тізбегін қамтамасыз ету мақсатында халықаралық көлік маршруттарын дамытудың маңыздылығы арта түспек [34]. Сондай-ақ, Еуропалық Одақтың Транскаспий халықаралық көлік бағытын пайдалану мәселесі де өзекті болып отыр.

Еуропалық Одақ Орталық Азия мемлекеттері мен (Қазақстан, Қырғызстан) Ресей арасындағы екіжақты



тығыз экономикалық байланыстарды және олардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігін ескере отырып, Еуропалық Одақ тарапынан Ресейге қарсы халықаралық санкциялардан жалтаруға және оларды айналып өтуге жол бермеудің маңыздылығын алға тартуда.

Жалпы, Еуропалық Одақ Орталық Азия аймағының дамуы оның мүше мемлекеттерінің бәсекелестікке емес, ынтымақтастыққа негізделгеніне мүдделі. Еуропалық Одақтың пікірінше, аймақтық ынтымақтастық Орталық Азия елдеріне тәуекелдерді жақсырақ басқаруға, осалдықтарды жоюға, жалпы проблемаларды шешуге, экономикалық өсу әлеуетін іске асыруға және нәтижесінде халықаралық аренада өз тәуелсіздігі мен өзіндік ерекшелікті сақтай отырып, өз позицияларын нығайтуға мүмкіндік беруі керек.

Қазіргі уақытта Орталық Азия саясатындағы Еуропалық Одақ тәсілдерінің түбегейлі өзгеруі байқалады. Егер өткен жылдары Еуропалық Одақ - Орталық Азия серіктестігі стратегиясы саяси реформалар, үкіметтік емес ұйымдар және адам құқықтары саласындағы жобалардың маңызды компонентін қабылдаса, болашақта экономикалық жобаларды іске асыруға басымдық беріледі деп болжауға болады.

### **Орталық Азия + АҚШ**

Орталық Азия және АҚШ қатынастарын жеке қарастыратындай деңгейде емес. Дегенмен, аймақтағы сарапшылар күштер теңдігін сақтауда жаһанның көшбасшы ойыншысын да бұл ойынға араластырудың маңызды екендігін айтуда. Біздің ойымызға бірден американдық ғалым, Джон Хопкинс университетінің Орталық Азия және Кавказ институтының профессоры Фредерик Старрдың «Үлкен Орталық Азия» идеясы оралады. Әрине, бұл сол кездегі негізгі мақсаты АҚШ-тың жаңа аймаққа кіру үшін жасалған теориялық қадамдары болатын. Бірақ, «Үлкен Орталық Азия» жобасы сәтсіз болды деп айтсақ болады. АҚШ-тың жаңарған сыртқы саясатында Орталық Азия аймағының маңызы нақты көрсетілмеген, бірақ бұл АҚШ үшін Орталық Азия маңызды емес дегенді білдірмейді. Ал

Орталық Азия үшін аймақтағы күштер теңдігі мәселесінде АҚШ салмағы маңызды.

АҚШ аймақтағы ықпалын күшейтуге бірнеше рет тырысып көрді. Бірақ Орталық Азия алыс орналасқандықтан, мұнда АҚШ-тың ықпалы ешқашан күшті болмайды. Ресей мен Қытайдың аймақтағы мүдделері күшейіп келеді. Сондықтан АҚШ-тың негізгі рөлі - Қытай, Ресей мен батыс елдері арасында тепе-теңдікті сақтауға жәрдемдесу болмақ.

АҚШ-тың Орталық Азия бойынша 2019-2025 жылдарға арналған стратегиясы бойынша осы аймақтағы басты ресми стратегиялық мүддесі – әртүрлі серіктестермен өз шарттары бойынша саяси, экономикалық және қауіпсіздік мүдделерін көздейтін; әлемдік нарықтарға шыққан және халықаралық инвестицияларға ашық; мықты демократиялық институттары бар, заңның үстемдігін және адам құқықтарын сақтайтын неғұрлым тұрақты және өркендеген Орталық Азияны құру.

Соңғы жылдары АҚШ Орталық Азия мемлекеттерімен серіктестікті 2015 ж. құрылған «С5+1»– Орталық Азия елдері + АҚШ өңірлік дипломатиялық платформасы арқылы жүзеге асыруға көшті. «С5+1» декларациясында ынтымақтастықтың басымдықтары ретінде бірінші кезекте экономикалық және сауда қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және өңірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету белгіленгеніне ерекше назар аудару қажет. Сонымен қатар, АҚШ үшін дәстүрлі бағыттар – адам құқықтарын қорғау, қоғамды демократияландыру және азаматтық қоғамды нығайту сияқты өңір мемлекеттерінің билеуші элиталары екіұшты әрі ауыр қабылдайтын мәселелер көлеңкеде қалғандай болды.

Осылайша, американдық тарап қазіргі режимдерге қысым жасамай, серіктестік қатынастарды дамытуға дайын екендігін көрсететін сыңайлы. Вашингтон жаңа стратегияны әзірлеу кезінде өткен жылдардағы қателіктерді ескеріп, Орталық Азиядағы өз саясатын прагматизациялауды шешті деп есептесек, бұл АҚШ саясатының икемділігін қамтамасыз етеді.

Алайда, оның өңір үшін өзектілігі қазіргі геосаяси жағдай ушыққан уақытта арта түсті. Сондықтан сарапшылар

аталған форматта өткізілетін өзара дипломатиялық әрекеттестік шын мәнінде Орталық азия елдері мен АҚШ арасындағы ынтымақтастыққа нақты серпін береріне сенімді.

АҚШ-тың ұлттық стратегиясына сәйкес, Вашингтон әлемді басқа державалармен бәсекеге түсу тұрғысынан көреді. Сондықтан Пентагон аймақтағы елдердің әскери қуатын арттыру үшін олармен әріптестігін жалғастырады. Мемлекеттік департамент пен басқа да мемлекеттік институттар өз бағдарламаларын жүргізуді жалғастыра береді. АҚШ Ресей мен Қытай жобаларын қолдамауы мүмкін. Оның орнына Вашингтон өзінің жеке секторы мен халықаралық қаржы институттарына арқа сүйейді.

АҚШ мүддесіне әлі де сол Ауғанстан, терроризм мен экстремизм, есірткі тасымалына қарсы күрес кіреді. Екіншіден, АҚШ өз компанияларының инвестицияларын қорғап, жаңа америкалық фирмаларды аймақтың зерттелмеген нарық салаларынан мүмкіндіктер іздеуге көндіргісі келеді.

Вашингтон адам капиталына қолдау көрсетуге – жастармен жұмыс істеуге, ұлтаралық байланыстарды нығайтуға да мүдделі. Ол адам құқықтарын қорғау, демократияны насихаттау, азаматтық қоғамды қалыптастыру сияқты мәселелерді сөзсіз маңызды деп санайды, бірақ жағдай елдердің саяси тұрғыдан қаншалықты ашық екеніне байланысты өзгеріп отырады.

### Қорытынды

«Орталық Азия+» формуласын тарқатып жаза беруге болады. Себебі мүдделі ойыншылар көп. Мәселен, Жапония, Корея, Индия, Иран, БРИКС, АСЕАН және т.б. Негізгі сұрақ тараптардың бәрін тізіп шығу емес, Орталық Азияның өзіне қайтпек керек? Орталық Азия ішінде интеграция бар ма? Өзбекстандық ғалым Ф. Толиповтың «5+1» формуласындағы АҚШ пен Орталық Азияға қатысты ұстанымы, яғни «5+1=5» болуы барлық қалған тараптарға да қатысты болуы керек. Ол дегеніміз «5+1» формуласы аймаққа басымдылық беруге негізделген, «5+1»-дегі «1» басымдыққа ие болмау керек. Бірақ бұл үшін аймақтық барлық жағынан бірлігі,

интеграциясы керек. Біз өз тарапымыздан «Алты Алаш» идеясын ұсынғымыз келеді.

Орталық Азия = Алты Алаш

Алты Алаш идеясы. Жаһандану заманындағы халықаралық қатынастарда күштердің ара-салмағын реттеу, экономикалық өзара тәуелділік, ұжымдық қорғану немесе қиыншылықтар мен қақтығыстардың алдын алу мәселелерінде интеграциялық үдеріс аса маңызды.

Еуропалық Одақ интеграцияның ең жетілдірілген үлгісін көрсетіп отыр. Әрине, Еуропалық Одақтың интеграциялық үдерісінде қайшылықтар мен кемшіліктер бар, дегенмен, ұжымдық басқару, қорғану мәселелерінде Орталық Азия үшін бізге нақты ұтымды мысал бола алары даусыз.

Еуропалық елдер халықаралық қатынастар сахнасындағы күштер ара салмағында Еуропалық Одақ аясында интеграцияға түсу керек екендігін екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін қолға алды. Осыған ұқсас Еуразия құрлығында екі күшті империя арасында орналасқан Орталық Азиялық мемлекеттер үшін, күштер арасындағы теңдікті сақтау үшін шұғыл интеграция жасау керектігі қазіргі осы елдердің ғалымдарының да басшыларының да ресми мәлімдемелерінен айтылып жүр. Ал осы интеграциялық үдерістің тарихи бастауы Қазақ хандары, Хақназар, Тәуекел хандардан басталған, Абылай хан сыртқы саясатының негізгі басымдықтарына айналған «Алты Алаш» идеясынан басталады. Қазақ хандары халықаралық геосаяси ойындардың барысын нақты болжай алған және алдын-ала ұтқыр шешімдер қабылдаған. «Алты Алаш» құрамына Орталық Азиядағы бес мемлекетті құраушы ұлттарды және бір жерлерде Қарақалпақ ұлтын, екінші бір жерлерде Ноғай ұлтын қосып отырады. Қалай болғанда да Орталық Азия мемлекеттері үшін бағзы заманнан қазіргі уақытқа дейін, аймақтағы ұжымдық шешімдер, ұжымдық қорғану, өзара қайшылықтарды аймақ ішінде өзара тәуелділік қағидаттары арқылы реттеу мақсаттары күн тәртібінен алынған емес.

XXI ғасырдағы Орталық Азия аймағының маңыздылығының артуы, аймақтың табиғи ресурстарға бай қоры, аймақтың транзиттік әлеуеті, сонымен қатар, геосаяси тұжырымдар бойынша

болжанып отырған жарқын болашағы, халықаралық қатынастардың жаңа тәртіптері мен ережелері қалыптасып жатқан уақытта Қазақ хандарының «Алты Алаш» идеясын тарихи негіз етіп ала отырып, Орталық Азия мемлекеттер арасындағы интеграциялық үдерісті жылдамдату керек.

«Алты Алаш» идеясын көтерген Қазақ хандары тұсында Қазақ хандығының өркендеу және даму кезеңін бастан кешіргенін көреміз. Қазақ хандығы тарихындағы халықаралық дәрежеде мойындалған, аймақтық дәрежеде беделі сақталған, ішкі саясатта тұрақтылық пен тыныштық қамтамасыз етілген кез-келген хронологиялық кезеңдерді алып қарасаңыз Қазақ хандарының сыртқы саясатында теорияға негізделген ұтымды тұжырымдар болған.

Орталық Азия аймағы «Алты Алаш» идеясынан бас тартып, әр мемлекет сыртқы саясатын жеке жүргізе бастаған уақыттан бастап, отарлау және тәуелсіздіктен айырылу кезеңдері басталды. Патша үкіметіне қарсы әр жердегі көтерілістер, ұжымдық деңгейге көтеріле алмады және нәтижесінде Орталық Азия тұтастай отар елдер

қатарына қосылды.

«Алты Алаш» идеясы патша үкіметі құлап, Кеңес үкіметі орнайтын аралықта Алаш қайраткерлерімен қайта көтерілді. Дегенмен, Алашордашылардың геосаяси қадамдары мен тұжырымдары басқа мақала мен терең зерттеуді талап етеді. Тек біз «Алты Алаш» идеясының XX ғасырда да өлмегенін, тарихи сабақтастық сақталғандығына тағы бір назар аудартқымыз келеді.

ҚР ЖОО-да «геосаясат негіздері», «халықаралық қатынастар теориясы» пәндері оқытылған кезде, міндетті түрде Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан және Абылай хан мысалындағы қазақ көшбасшыларының геосаяси тұжырымдары мен шешімдері оқытылуы керек. Ал академиялық ғылыми орта үшін, Қазақ көшбасшыларының сыртқы саясатына халықаралық қатынастар теориялары мен тұжырымдары тұрғысынан қайта баға беру міндеті тұр.

Орталық Азия үшін ең маңызды дүние – ішкі бірлік. Олай болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген ойыншылардың қай-қайсысыда өз мүддесін аймақта еркін ойнатып кете алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байзакова, К., Насыров, К., Гарифулла, А. Основные тренды в борьбе с транснациональным экстремизмом и терроризмом региональных и нерегиональных акторов [Текст] / К. Байзакова, К. Насыров, А. Гарифулла // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – 2021. - № 2(94). – С. 17-26.
2. Cohen, A., ect. Afghan Crisis: What Role Can Central Asian States Play? – 2021. – URL: <https://www.cabar.asia/ru/afganskij-krizis-kakuyu-rol-mogut-sygrat-gosudarstva-tsentralnoj-azii> (қаралған күні: 14.01.2023).
3. David, B.N. Denoon China, The United States, and the future of Central Asia [Text]: NY University Press, 2015. - 445 p.
4. Joint Communication to the European Parliament and the Council. The EU and Central Asia: New Opportunities for a Stronger Partnership. - European Commission, Brussels. – 2019. -URL: [https://www.eeas.europa.eu/sites/eeas/files/joint\\_communicationthe\\_eu\\_and\\_central\\_asia\\_new\\_opportunities\\_for\\_a\\_stronger\\_partnership.pdf](https://www.eeas.europa.eu/sites/eeas/files/joint_communicationthe_eu_and_central_asia_new_opportunities_for_a_stronger_partnership.pdf) (қаралған күні: 14.01.2023).
5. Tolipov, F. Micro-geopolitical semiotics of Central Asia: «Crossroads» and «bridges». – 2014. - URL: [https://www.researchgate.net/publication/28302000\\_Microgeopolitical\\_semiotics\\_of\\_Central\\_Asia\\_Crossroads\\_and\\_bridges](https://www.researchgate.net/publication/28302000_Microgeopolitical_semiotics_of_Central_Asia_Crossroads_and_bridges) (қаралған күні: 14.01.2023).
6. Tolipov, F. Uzbekistan-2.0 and Central Asia-2.0 New Challenges and New Opportunities [Text]: Monitoring Central Asia and the Caspian Area Development Policies, Regional Trends, and Italian Interests edited by Carlo Frappi and Fabio Indeo, 2019.
7. Губайдуллина, М., Елибаева, А., Лю Ци. Пространство ШОС в геополитической конфигурации Евразии: сближение и противоречия энергетических интересов (пример Китая) [Текст] / М. Губайдуллина, А. Елибаева, Лю Ци // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – 2020. - № 1(89). – С. 4-15.
8. Jinping, X. Transcript President Xi Jinping-s report to China-s 2022 party congress. – 2022. – URL: <https://www.asia.nikkei.com/Politics/China-s-party-congress/Transcript-President-Xi-Jinping-s-report-to-China-s-2022-party-congress> (қаралған күні: 11.01.2023).

9. Лаумулин, М. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике, [Текст]: / М. Лаумулин. – Алматы, 2005. – 704 с.
10. Лаумулин, М. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Геополитика и международные отношения. [Текст]: / М. Лаумулин. – Алматы, 2009. – 280 с.
11. Лаумулин, М. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике [Текст]: / М. Лаумулин. – Алматы, 2009. – 440 с.
12. Mackinder, H. J. The Geographical Pivot of History [Text] / H. J. Mackinder // The Geographical Journal. – 1904. – №4(23). – P. 421-437.
13. Нышанбаев Н., Тулен, Ж., Акыбай Ж. Регион «Центральная Азия» в системе международных отношений: концептуальный анализ. [Текст] / Н.Нышанбаев, Ж. Тулен, Ж. Акыбай. // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – 2020. – № 4(92). – С. 39-47.
14. Prajakti, K, Siddharth, Sh. Saxena. Globalizing local understanding of fragility in Eurasia.[Text] / K. Prajakti [et al.] // Journal of Eurasian Studies. – 2021. – №12(2)
15. Starr, F. A Partnership for Central Asia. [Text] / F. Starr // Foreign affairs (Council on Foreign Relations). – 2005. – №84(4). – P.164.
16. АҚШ-тың Орталық Азия бойынша 2019-2025 жылдарға арналған стратегиясы. – 2019. – URL: <https://www.kz.usembassy.gov/wp-content/uploads/sites/46/united-states-strategy-for-central-asia-Kazakh.pdf> (қаралған күні: 17.01.2023).
17. Ермекбаев, А., Киікбай, М., Абжапарова, Л. История проявления «мягкой силы» Турции в Центральной Азии. [Текст] / А. Ермекбаев, М. Кйікбай, Л. Абжапарова // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – 2022. – №2(98). – С. 78-83.
18. Жекенов, Д. Геополитические концепции и мысли казахских лидеров, и новый подход в их изучении. [Текст] / Д. Жекенов // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – 2021. – № 4(96). – С. 16-24.
19. Жумалы, Р. Геополитика Центральной Азии [Текст]: / Р. Жумалы. – Алматы, 2006. – 515 с.
20. Гутерриш, А. Страны Центральной Азии вносят важный вклад в укрепление мира в Афганистане. – 2018. – URL: <https://www.news.un.org/ru/story/2018/01/1321881> (қаралған күні: 11.02.2023).
21. Богатуров, А. Новые поколения внешнеполитических доктрин России. – 2022. – URL: <https://www.interaffairs.ru/jauthor/material/2672> (қаралған күні: 16.01.2023).
22. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының және Еуропалық Кеңес Президентінің баспасөзге арналған бірлескен мәлімдемесі. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/ortalyk-aziya-memleketteri-basshylarynyn-zhane-europolalyk-kenes-prezidentinin-baspasozge-arnalghan-birlesken-malimdemesi-2792221> (қаралған күні: 17.01.2023).
23. Концепция внешней политики Российской Федерации. – 2016. – URL: <http://www.kremlin.ru/acts/bank/41451/page/1> (қаралған күні: 17.01.2023).
24. Лаумулин, М. Турция и Центральная Азия. – 2012. –URL: <https://carnegieendowment.org/2012/10/22/ru-pub-49758> (қаралған күні: 17.01.2023).
25. Неъматов, А. Роль стран Центральной Азии в установлении прочного мира на афганской земле. – 2021. – URL: <https://www.isrs.uz/ru/maqolalar/rol-stran-centralnoj-azii-v-ustanovlenii-procnogo-mira-na-afganskoj-zemle> (қаралған күні: 17.02.2023).
26. Пражакти, К. Пора пересмотреть историю Центральной Азии. – 2020. – (https://www.tengrinews.kz/mixnews/pora-peresmotret-istoriyu-tsentralnoj-azii-ucheniy-423214/).
27. Рахмон, Э. Астанада өткен кездесуде Путинді Орталық Азия елдерін "құрметтеуге" шақырды. – 2022. – URL: <https://rus.azattyq.org/a/32083812.html> (қаралған күні: 17.01.2023).
28. Сейтқали, Е. Түркияның Орта Азияға ықпалы. – 2022. – URL: <https://www.qazdauiri.kz/news/turkiyanyn-orta-aziyaga-yqpaly> (қаралған күні: 30.12.2022).
29. Совбез // Концепция внешней политики РФ отразит новое отношение к Западу. – 2022. – URL: <https://www.ren.tv/news/v-rossii/1038459-sovbez-kontseptsii-vneshnei-politiki-rf-otrazit-novyi-podkhod-k-zapadu> (қаралған күні: 11.02.2023).
30. Токаев, К. Строить мосты, а не стены. Итоги саммита ЕС - ЦА в Астане. – 2022. – URL: <https://www.dw.com/ru/stroit-mosty-a-ne-steny-itogi-sammita-es-ca-v-astane/a-63580160> (қаралған күні: 12.02.2023).
31. Тоқаев, Қ. «Орталық Азия – Ресей» саммиті жайлы: уақытылы ұсыныс деп санаймын. – 2022. – URL: <https://www.sputnik.kz/20221014/toqae-ortalyq-aziya--resey-sammit-28479425.html> (қаралған күні: 12.01.2023).
32. Тоқаев, Қ. «Орталық Азия – Қытай» атты мемлекет басшыларының саммитіне қатысты. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-toqae-ortalyk-aziya-kytay-atty-memleket-basshylarynyn-sammitine-katysty-2501130> (қаралған күні: 02.01.2023).
33. Толипов, Ф. Геополитическая арифметика «5+1» в Центральной Азии. – 2020. – URL: <https://www.cabar.asia/ru/geopoliticheskaya-arifmetika-5-1-v-tsentralnoj-azii> (қаралған күні: 11.02.2023).



34. Хитахунов, А. Торговля между Турцией и центральной Азией. – 2021. – URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/trade-between-turkey-and-central-asia/?lang=ru> (қаралған күні: 30.12.2022).

## REFERENCES

1. Baizakova, K., Nasyrov, K., Garifýlla, A. Osnovnye trendy v borbe s transnatsionalnym ekstremizmom i terrorizmom regionalnyh i neregionalnyh aktorov [Tekst] / K. Baizakova, K. Nasyrov, A. Garifýlla // Vestnik KazNÝ. Seriya mejdýnarodnye otnosheniia i mejdýnarodnoe pravo. – 2021. – № 2(94). – S. 17-26.
2. Cohen, A., ect. Afghan Crisis: What Role Can Central Asian States Play? – 2021. – URL: <https://www.cabar.asia/ru/afganskij-krizis-kakuyu-rol-mogut-sygrat-gosudarstva-tsentralnoj-azii> (Date of access: 14.01.2023).
3. David, B.N. Denoon China, The United States, and the future of Central Asia [Text]: NY University Press, 2015. – 445 p.
4. Joint Communication to the European Parliament and the Council. The EU and Central Asia: New Opportunities for a Stronger Partnership. – European Commission, Brussels. – 2019. – URL: [https://www.eeas.europa.eu/sites/eeas/files/joint\\_communicationthe\\_eu\\_and\\_central\\_asia\\_new\\_opportunities\\_for\\_a\\_stronger\\_partnership.pdf](https://www.eeas.europa.eu/sites/eeas/files/joint_communicationthe_eu_and_central_asia_new_opportunities_for_a_stronger_partnership.pdf) (Date of access: 14.01.2023).
5. Tolipov, F. Micro-geopolitical semiotics of Central Asia: «Crossroads» and «bridges». – 2014. – URL: [https://www.researchgate.net/publication/28302000\\_Microgeopolitical\\_semiotics\\_of\\_Central\\_Asia\\_Crossroads\\_and\\_bridges](https://www.researchgate.net/publication/28302000_Microgeopolitical_semiotics_of_Central_Asia_Crossroads_and_bridges) (Date of access: 14.01.2023).
6. Tolipov, F. Uzbekistan-2.0 and Central Asia-2.0 New Challenges and New Opportunities [Text]: Monitoring Central Asia and the Caspian Area Development Policies, Regional Trends, and Italian Interests edited by Carlo Frappi and Fabio Indeo, 2019.
7. Gýbaidýllina, M., Elibaeva, A., Liý Tsi. Prostranstvo ShOS v geopoliticheskoj konfiguratsii Evrazii: sblijenie i protivorechiia energeticheskikh interesov (primer Kitaia) [Tekst] / M. Gýbaidýllina, A. Elibaeva, Liý Tsi // Vestnik KazNÝ. Seriya mejdýnarodnye otnosheniia i mejdýnarodnoe pravo. – 2020. – № 1(89). – S. 4-15.
8. Jinping, X. Transcript President Xi-Jinping-s report to China-s 2022 party congress. – 2022. – URL: <https://www.asia.nikkei.com/Politics/China-s-party-congress/Transcript-President-Xi-Jinping-s-report-to-China-s-2022-party-congress> (Date of access: 11.01.2023).
9. Laýmýlin, M. Tsentralnaia Aziia v zarybejnoi politologii i mirovoi geopolitike, [Tekst]: / M. Laýmýlin. – Almaty, 2005. – 704 s.
10. Laýmýlin, M. Tsentralnaia Aziia v zarybejnoi politologii i mirovoi geopolitike. Geopolitika i mejdýnarodnye otnosheniia. [Tekst]: / M. Laýmýlin. – Almaty, 2009. – 280 s.
11. Laýmýlin, M. Tsentralnaia Aziia v zarybejnoi politologii i mirovoi geopolitike [Tekst]: / M. Laýmýlin. – Almaty, 2009. – 440 s.
12. Mackinder, H. J. The Geographical Pivot of History [Text] / H. J. Mackinder // The Geographical Journal. – 1904. – №4(23). – P. 421-437.
13. Nyshanbaev N., Týlen, J., Akybai J. Region «Tsentralnaia Aziia» v sisteme mejdýnarodnyh otnoshenii: kontseptýalnyy analiz. [Tekst] / N.Nyshanbaev, J. Týlen, J. Akybai. // Vestnik KazNÝ. Seriya mejdýnarodnye otnosheniia i mejdýnarodnoe pravo. – 2020. – № 4(92). – S. 39-47.
14. Prajakti, K, Siddharth, Sh. Saxena. Globalizing local understanding of fragility in Eurasia.[Text] / K. Prajakti [et al.] // Journal of Eurasian Studies. – 2021. – №12(2)
15. Starr, F. A Partnership for Central Asia. [Text] / F. Starr // Foreign affairs (Council on Foreign Relations). – 2005. – №84(4). – P.164.
16. AQSh-tyń Ortalyq Aziia boıynsha 2019-2025 jylдарға арналған strategiasy. – 2019. – URL: <https://www.kz.usembassy.gov/wp-content/uploads/sites/46/united-states-strategy-for-central-asia-Kazakh.pdf> (Date of access: 17.01.2023).
17. Ermekbaev, A., Kiikbai, M., Abjaparova, L. Istoriia proiavlennia «miagkoi sily» Týrtsii v Tsentralnoi Aziia. [Tekst] / A. Ermekbaev, M. Kiikbai, L. Abjaparova // Vestnik KazNÝ. Seriya mejdýnarodnye otnosheniia i mejdýnarodnoe pravo. – 2022. – №2(98). – S. 78-83.
18. Jekenov, D. Geopoliticheskie kontseptsii i mysl kazahskikh liderov, i novyi podhod v ih izýchenii. [Tekst] / D. Jekenov // Vestnik KazNÝ. Seriya mejdýnarodnye otnosheniia i mejdýnarodnoe pravo. – 2021. – № 4(96). – S. 16-24.
19. Jýmaly, R. Geopolitika Tsentralnoi Aziia [Tekst]: / R. Jýmaly. – Almaty, 2006. – 515 s.
20. Gýterrish, A. Strany Tsentralnoi Aziia vnosiat vajnyi vklad v ýkreplenie mira v Afganistane. – 2018. – URL: <https://www.news.un.org/ru/story/2018/01/1321881> (Date of access: 11.02.2023).
21. Bogatyrov, A. Novye pokoleniia vneshnepoliticheskikh doktrin Rossii. – 2022. – URL: <https://www.interaffairs.ru/jauthor/material/2672> (Date of access: 16.01.2023).

22. Ortalyq Aziya memleketteri basshylarynyń jáne Eýropalyq Keńes Prezidentiniń baspasózge arналған birlesken málimdemesi. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/ortalyk-aziya-memleketteri-basshylarynyn-zhane-europalyk-kenes-prezidentinin-baspasozge-arnalghan-birlesken-malimdemesi-2792221> (Date of access: 17.01.2023).
23. Kontseptsia vneshnei politiki Rossiiskoi Federatsii. – 2016. – URL: <http://www.kremlin.ru/acts/bank/41451/page/1> (Date of access: 17.01.2023).
24. Laýmýllin, M. Týrtsia i Tsentralnaia Aziia. – 2012. – URL: <https://carnegieendowment.org/2012/10/22/ru-pub-49758> (Date of access: 17.01.2023).
25. Nematov, A. Rol stran Tsentralnoi Azii v ýstanovlenii prochnogo mira na afganskoj zemle. – 2021. – URL: <https://www.isrs.uz/ru/maqolalar/rol-stran-centralnoj-azii-v-ustanovlenii-prochnogo-mira-na-afganskoj-zemle> (Date of access: 17.02.2023).
26. Prajakti, K. Pora peresmotret istoriyu Tsentralnoi Azii. – 2020. – URL: <https://www.tengrinews.kz/mixnews/pora-peresmotret-istoriyu-tsentralnoy-azii-ucheniy-423214/>.
27. Rahmon, E. Astanada ótken kezdesýde Pýtindi Ortalyq Aziia elderin "qurmetteýge" shaqyrdy. – 2022. – URL: <https://rus.azattyq.org/a/32083812.html> (Date of access: 17.01.2023).
28. Seitqali, E. Túrkiyanyń Orta Aziaga yqpaly. – 2022. – URL: <https://www.qazdauiri.kz/news/turkiyanyn-orta-aziyaga-yqpaly> (Date of access: 30.12.2022).
29. Sovbez // Kontseptsia vneshnei politiki RF otrazit novoe otnoshenie k Zapadý. – 2022. – URL: <https://www.ren.tv/news/v-rossii/1038459-sovbez-kontseptsia-vneshnei-politiki-rf-otrazit-novyi-podkhod-k-zapadu> (Date of access: 11.02.2023).
30. Tokaev, K. Stroit mosty, a ne steny. Itogi sammita ES - TsA v Astane. – 2022. – URL: <https://www.dw.com/ru/stroit-mosty-a-ne-steny-itogi-sammita-es-ca-v-astane/a-63580160> (Date of access: 12.02.2023).
31. Toqaev, Q. «Ortalyq Aziia – Resei» sammiti jaily: ýaqytyly usynys dep sanaimyn. – 2022. – URL: <https://www.sputnik.kz/20221014/toqaev-ortalyq-aziya--resey-sammit-28479425.html> (Date of access: 12.01.2023).
32. Toqaev, Q. «Ortalyq Aziia – Qytaı» atty memleket basshylarynyń sammitine qatysty. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokaev-ortalyk-aziya-kytay-atty-memleket-basshylarynyn-sammitine-qatysty-2501130> (Date of access: 02.01.2023).
33. Tolıpov, F. Geopoliticheskaya arifmetika «5+1» v Tsentralnoi Azii. – 2020. – URL: <https://www.cabar.asia/ru/geopoliticheskaya-arifmetika-5-1-v-tsentralnoj-azii> (Date of access: 11.02.2023).
34. Hitahýnov, A. Torgovlia mejdı Týrtsiei i tsentralnoi Aziei. – 2021. – URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/trade-between-turkey-and-central-asia/?lang=ru> (Date of access: 30.12.2022).

#### НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СУБРЕГИОНАЛЬНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

**Думан ЖЕКЕНОВ**, PhD, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, [duman.zhekenov@gmail.com](mailto:duman.zhekenov@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5292-5070>

**Жан КОШЕРБАЕВ**, к. и. н., старший преподаватель Казахского национального университета им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, [kosherbaev.zhan@gmail.com](mailto:kosherbaev.zhan@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1187-9837>

#### SOME ISSUES OF SUBREGIONAL COOPERATION OF CENTRAL ASIAN COUNTRIES

**Duman ZHEKENOV**, PhD, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, [duman.zhekenov@gmail.com](mailto:duman.zhekenov@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5292-5070>

**Zhan KOSHERBAYEV**, candidate of historical sciences, senior lecturer of Al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan, [kosherbaev.zhan@gmail.com](mailto:kosherbaev.zhan@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1187-9837>